

Тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алуштың бірынғай ұйымдастырушысын айқындау және мемлекеттік сатып алушты ұйымдастыруды және өткізуді бірынғай ұйымдастырушы орындайтын бюджеттік бағдарламаларды және тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді анықтау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2016 жылғы 29 ақпандығы № 215 /3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 наурызда № 4988 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 1182/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 12.12.2018 № 1182/12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңы 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының 8-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, бюджеттік қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында, Екібастұз қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі тапсырыс берушілер үшін Екібастұз қаласы бойынша мемлекеттік сатып алуштың бірынғай ұйымдастырушы болып белгіленсін.

2. Мемлекеттік сатып алушты мен өткізуді мемлекеттік сатып алушты бірынғай ұйымдастырушы орындайтын бюджеттік бағдарламалар және тауарлар, жұмыстар, қызметтер осы қаулының қосымшасына сәйкес анықталсын.

3. Тапсырыс берушілер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуштың бірынғай ұйымдастырушысына мемлекеттік сатып алушты ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті құжаттардың ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. "Екібастұз қаласы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындаитын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Екібастұз қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Екібастұз қаласының әкімі

A. Вербняк

Екібастұз қаласы әкімдігінің

2016 жылғы "29" ақпан

№ 215/3 қаулысына

қосымша

**Екібастұз қаласы бойынша мемлекеттік сатып алушы үйымдастыру
мен өткізуді мемлекеттік сатып алушың бірынғай үйымдастырушысы
орындаитын бюджеттік бағдарламалар және тауарлар, жұмыстар,
қызметтер**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Павлодар облысы Екібастұз қалалық әкімдігінің 17.09.2018 № 895/9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

p/ c №	Атауы
1	Қалалық жергілікті атқарушы органмен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды қарастыратын бюджеттік даму бағдарламалары шенберінде конкурс (аукцион) әдістерімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алушар
2	Егер де сатып алуға бөлінген лот сомасы (жоспар тармағы) үш мың есе айлық есептік көрсеткіштен асса, бірақ тиісті қаржы жылына белгіленген жүз мың есе айлық есептік көрсеткіштен артық болмаса, конкурс (аукцион) әдістерімен тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді мемлекеттік сатып алушар